

# Қазақстан КП Солтүстік Қазақстан облыстық комитетінің II пленумы туралы ИНФОРМАЦИЯЛЫҚ ХАБАР

# Н ТУЫ

ИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІ ЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ  
ВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

декабрь

Жұма

Шығуына 33 жыл  
жеке саны 20 тыйын

16 декабрьде Қазақстан КП Солтүстік Қазақстан облыстық комитетінің көзекті II пленумы болды.

Пленум «Қазақстан КП Орталық Комитетінің II пленумының «Республиканың мал шаруашылығын оңан әрі өркендету шаралары туралы» қаулысын орындау жөнінде облыс партия ұйымының міндеттері туралы» мәселе талқы-

лады. (Баяндамашы — облыстық партия комитетінің секретары **Н. С. Бобров** жолдас).

Пленум талқыланған мәселе бойынша тиісті қарар қабылдады.

Пленум облыстық комитеттің Секретариатын мына құрамда бекітті: **Н. С. Бобров, С. Б. Ниязбеков** және **Г. Б. Лосев** жолдастар.

## ерінің

## Әрбір фермада жемшөп үнемдеп жұмсалсын



### Мал тыңғылықты күтімге алынсын

### Коммунистер мал шаруашылығында

шпай өткізіп отыратын

ра партия ұйымдарының ақыру мерзімдерінің бін атап көрсету қазақстанда соңғы екі айдандық комитеттің жөмететтің пленумдары ар облысында бұл 4 аудандық комитеттен ық комитеттің пленуы өзі Қазақстанда кейінен аудандық комитеті белгіленген мерзімге шап отырмайтындығын, мократиясын бұзушы шаралар қолданбай-

Полудень ауданының алдыңғы қатарлы колхоздары малдың қысқы күтімін барған сайын жақсартта түсуде. Мұндай шаруашылықтардың бірі— Киров атындағы колхоз. Сталин жолдасқа жазған хатта қабылданған міндеттемелерді толық орындау күресінде жаңқыарлықпен еңбек етіп, колхозшылар мал қыстатуға үлгілі әзірлік жүргізді, малды қыстық жемшөппен, жылы қоралармен қамтамасыз етті.

Кәзір мұнда қоғамдық мал тыңғылықты күтімге алынған. Колхозшылар малды дұрыс күтіп, мезгілінде азықтандырады. Малшылар жемшөпті үнеммен жұмсап жүр. Олар әрбір малға жемшөпті норма бойынша өлшеп береді. Міне, осының нәтижесінде барлық мал әрі күйлі, әрі шығынсыз өсірілуде.

пленумының жұмысуы көп ретте оған байланысты. Пленумидеологиялық және стың барлық маңызды йтығы болу керек. нумның талқылауына әселені барлық жағыыңғылықты әзірлеуге дінуге тиіс. Пленум-

Малды қолда бағуға тәжірибелі колхозшылар бөлінген. Олардың көпшілігі мал шаруашылығында бірнеше жылдан бері істейді. Озат мал өсірушілер малды уақытылы жайлап, күйлі өсіріп келеді. Мәселен, С. Бақбергенов жолдас бірнеше жылдан бері жылқыны болып істейді. Осы мерзім ішінде оның алдынан бірде-бір

СОКП-ның XIX съезінің бесінші бесжылдық жоспар жөніндегі директивалары қоғамдық өнімді мал шаруашылығын оңан әрі өркендету жөнінде жаңа міндеттер қояды. Міне, сондықтан да колхоз партия ұйымы мал өсірушілер арасындағы саяси-бұқаралық жұмысты барған сайын жақсартып, олардың табыстан-табысқа жете беруінде ұйытқы болуда.

Партия ұйымының өсебіндегі коммунистердің 40 проценті мал шаруашылығында тікелей жұмыс істейді. Олар өздерінің қажырлы еңбектерімен де, өнегелі сөздерімен де мал өсіруші колхозшыларды қоғамдық малдың басын көбейтумен бірге, оның өнімділігін арттыра беру күресіне жұмылдыруда. Мәселен, коммунистер Жақобатыров, О. Нұрғожин жолдастар қыстау маңына мал азығын тасыйтын транспорт бригадасында жұмыс істеп, өздерінің күндік нормаларын асыра орындаумен басқаларға үлгі көрсетуде.

Коммунистер Нұрпейісов, Тәшенов, Шақбаев жолдастар ірі қара мал фермасында жұмыс істейді. Бұлар фермада мал азығының ұқыпты жұмсалыуына, малдың

дұрыс күтілуіне үнемі назар аударып отырады. Коммунист Мұстафина жолдас жас төлдерді күтеді.

Мал шаруашылығындағы коммунистер фермаларда саяси-бұқаралық жұмысты кеңінен ұйымдастыруды өздерінің басты міндеттерінің бірі деп есептейді. Нұрпейісов, Тәшенов және басқа жолдастар партия ұйымының жоспары бойынша мал өсірушілер арасында партияның XIX съезі қарарлары жөнінде дауыстап газет оқыйды, әңгімелер өткізеді.

Партия ұйымы өзінің жыйналысында мал шаруашылығының жайы туралы мәселелерді жиі талқылап, жұмыста кездескен кемшіліктерді дереу жою жөнінде нақтылы шаралар белгілеп отырады. Біз партиялық-саяси жұмысты барған сайын жақсартта отырып, мал өсірушілерді қоғамдық мал шаруашылығын оңан әрі өркендету күресіне белсендіре жұмылдыру міндетін қамтамасыз етеміз.

**Б. ШАЙПИН,**

Преснов ауданы, «Баян» колхозы партия ұйымының секретары.

### Ауыл шаруашылығы шеберлерін даярлау

### Колхозшылар жүйелі білім алуда

Преснов ауданындағы «Новый свет» колхозында агрономиялық топ бийі екінші жыл жұмыс істейді. Мұнда егін шаруашылығының мамандары өндірісте қол үзбей оқып, өздерінің білім дәрежесін арттыруда. Өткен жылы бұл топта ондаған колхозшылар оқып, программалы материалды ойдағыдай меңгерген болатын.

Колхозшыларға жүйелі агрономиялы білім беруді мақсат етіп, басқарма мүшелері жаңа оқу жылына үлгілі әзірлік жүргізді. Сабақ өтетін үй күні бұрын жөнделіп әзірленді. Осының нәтижесінде агрономиялық топта бийыл да сабақ үздіксіз жән идеялық жоғары дәрежеде өтуде. Кәзі топта 17 колхозшы оқыйды. Олардың ішінде егіс бригадасының бригадирлер А. Волков, Г. Потанин және колхозшыла Е. Колосова, М. Потанина, Г. Шерстобин жолдастар бар. Колхозшылар сабаққа үнемі түгел қатынасып отырады. Агрономиялық топтың тыңдаушылары қажетті оқулықтармен жеткілікті қамтамасыз етілген.

Бұл топта Преснов МТС-нің бас агрономы Миронова жолдас сабақ өткізеді. Ол әрбір сабаққа жақсы дайындықпен келіп, тыңдаушыларға жүйелі білім беру



...сын мен өзара сынды күшейтетін орын.

Совет Одағының Коммунистік партиясының XIX съезі партия ұйымдары алдына партияның ішкі демократиясын дәйектілікпен жүзеге асыру және төменнен көтерілген сын мен өзара сынды күшейту міндетін қойды. Партия комитеттері пленумдарының рольдері партия ұйымдарының тұрмысында бұрынғыдан да арта түседі. Партияның Уставында партияның жергілікті ұйымдары комитеттерінің пленумдарын өткізу мерзімдері белгіленген. Одақтас республиканың Компартиясы Орталық Комитетінің пленумы, партияның өлкелік комитетінің, облыстық комитетінің пленумы кемінде екі айда бір рет, партияның округтік комитетінің пленумы кемінде біржарым айда бір рет, қалалық комитеттің, аудандық комитеттің пленумы кемінде айына бір рет шақырылады.

Партия комитеттерінің пленумдарын бұрынғысынан жиі шақырғанда жергілікті партия органдарының басшылығын партия ұйымдарының тұрмысына жақындату мақсаты көзделеді. Мұның өзі партия комитеттері мүшелерінің партия ұйымдарының алдына қойылған міндеттерді орындаудағы ролі мен белсенділігін күшейтеді, партияның ішкі демократиясын оған сайын өркендетуге, төменнен көтерілген өзара сын мен сынды өрістетуге, партиялық бұқараның партия органдары жұмысын бақылап отыруын күшейтуге көмектеседі.

Жергілікті партия ұйымдары партия комитеттерінің пленумдарының ролін жете бағаламау, төмендету фактілерін батыл жоюға міндетті. Пленумдарда партияның ішкі демократиясын оған сайын өрістетудің, бүкіл партиялық жұмысты күшейтудің аса маңызды шарты ретінде пленумдарды өткізу практикасын жақсарту керек. Еңалдымен, барлық партия ұйымдарында пленумдарды белгіленген

далуының бақыланбауы көптеген партия комитеттерінің жұмысындағы елеулі кемшіліктердің бірі болып келеді. Істің мүдделері партия комитеттерінің ұйымдастыру жұмысын мейлінше жақсартуды, істің орындалуын тексеруді күшейтуді талап етеді. Партия комитетінің мүшелері комитеттің пленумдарының қарарларын жүзеге асыру жөніндегі күнбе-күнгі жұмысқа белсенін қатыспаған жерде, партия активін бұл іске кеңінен тартпаған жерде дұрыс басшылық ету мүмкін емес. Белгіленген шараларды тек осы шартты орындағанда ғана ойдағыдай жүзеге асыруға болады.

Пленумдарды өткізу практикасын жақсарту — мұнымен бірге, партия комитеті мүшелерінің комитеттің және бүкіл партия ұйымының жұмысына жауаптылығын күшейту деген сөз. Партия комитетінің мүшесі партия қарарларын орындау үшін қажырлылықпен күресудің, партиялық және мемлекеттік тәртіпті бұзатын оқиғалардың үлгісін көрсетіп отыруға тиіс. Бұқарамен байланысты күн сайын нығайтып отыру, төменнен көтерілген сын мен өзара сынды күшейту, жұмыстағы кемшіліктерді ашып, бұл кемшіліктерді жоюға ұмтылу — оның тікелей міндеті.

Біздің жергілікті партия ұйымдарымыз коммунистік құрылыстың барған сайын зор және күрделі міндеттерін атқаруда. Олардың жұмысының табысты болуы партия бұқарасының белсенділігінің, талаптылығының күшеюіне байланысты. Партияның ішкі демократиясын дәйектілікпен жүзеге асыру, партия комитеттерінің пленумдарын өткізу практикасын жақсарту партия ұйымдарын оған сайын нығайтуға, олардың жауынгерлігін арттыруға, Ленин — Сталин партиясының XIX съезінің тарихи қарарларын ойдағыдай орындауға көмектеседі.

(«Правда»ның 16 декабрьдегі басмақаласы),

...дық малды қыстан күйлі және шығынсыз алып шығуға міндетті. Ол үшін малды бағып, күту ісін тыңғылықты ұйымдастыру керек.

Б. ЖАҚЫПОВ.

малдың біркелкі азықтанып, қонды өсуіне зор мүмкіншіліктер туғызуда.

Таңдаулы колхозшылар мал қыстатуда қажырлы еңбек етіп жүр. Олар малды үнемі жақсы күтімде ұстап, оны шығынсыз өсіріп келеді. Мәселен, колхозшылар

мүшелері жеміс де фермалар жеміс малдың уақы қамтамасыз ету

## Қазақстан КП Орталық Комитетінде

# Қазақстан КП Орталық Комитеті II пленум республиканың колхоздары мен совхоздары жемшөпті әзірлеп беру және жемшөпті үнемді мәселесі жөніндегі қаулысын орындаудың бар

Қазақстан КП Орталық Комитеті II пленумының республика колхоздары мен совхоздарында малға жемшөпті әзірлеп беру және жемшөпті үнемдеп жұмсау туралы қаулысының орындалу барысы жөнінде мәселе қарап, Қазақстан КП Орталық Комитеті Қазақ ССР-нің ауыл шаруашылығы, мақта шаруашылығы және совхоздар министрліктері бұл қаулының орындалуын қамтамасыз етпегендігін атап көрсетті. Колхоздарда, МТС-терде, ММС-тер мен совхоздарда жемшөп өңдейтін машиналардың көп болуына қарамастан, жемшөпті малға берер алдында әзірлеу (турау, ұнтау, булау, тағы сол сыяқты) ісі ұйымдастырылмаған. Мұның барлығы ауылшаруашылық органдарының көптеген басшыларының жемшөпті турау, ұнтау, булау және оны үнемдеп жұмсау мал қыстатуды ойдағыдай өткізудің шешуші шарттарының бірі екендігін жете түсінбеушілігі болып табылады.

Қазақстан КП Орталық Комитеті республиканың ауыл шаруашылығы, совхоздар және мақта шаруашылығы министрліктерінен мыналарды талап етті:

а) Қазақстанның барлық колхоздары мен совхоздарында жай және концентратты жемшөптің туралуы, буландырылуы және ұнтақталуы, сол сыяқты, олардың үнеммен жұмсалуды қамтамасыз етілсін, бұл үшін колхоздарда, МТС-терде, ММС-

тер мен совхоздарда қолда бар механизмдердің барлығы пайдаланылсын;

б) қажетті болған жағдайларда МТС-тер мен ММС-терде колхоздардағы жемшөпті өңдеу үшін керекінше жылжымалы агрегаттар ұйымдастырылсын;

в) жемшөпті турау және ұнтау жөнінде МТС-терге, ММС-терге, колхоздар мен совхоздарға тапсырмалар тағайындалып, олардың орындалуы қамтамасыз етілсін.

Республиканың ауыл шаруашылығы, совхоздар, мақта шаруашылығы министрліктеріне, В. И. Ленин атындағы Бүкілодақтық ауылшаруашылық Ғылым академиясының Қазақ филиалына, Қазақ ССР Ғылым академиясына, Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы полиграфия, баспа және кітап саудасы Басқармасына бір апта ішінде жемшөпті дұрыс жұмсау, малды азықтандыру алдында оны әзірлеудің әдістері мен тәсілдері жөнінде плакаттар мен листовкалар әзірлеп, басып шығару және оны әрбір колхоз бен совхозға жіберу жөнінде нұсқау берілді.

Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы радио хабарын тарату комитетіне және Қазақ телеграф агенттігіне жемшөпті турау, ұнтау, булау және оны үнеммен жұмсау ісін жақсы жолға қойған министрліктердің, облыстардың, аудандардың басшыларының, колхоз председателдерінің, совхоз директорларының, ауыл-

шаруашылығы қызметкерлердің

рісі озағтарының сөз және радио ды ұйымдастыру

Республикалық рына газеттердің ды өткізу жөнін

тардың, аудандар хоздардың, МТС-т мысын қатты сы

мен үкметтің ма дегі қарарларыны мал басын сақта

ұнтау және була гін арттыру жөн ге не болған оза

колхозшылар мен ның жұмыс тәз жариялап отыру

Қазақстан КП тық партия коми атқомдерін парти

уашылық органд хоз басқармалары совхоз директорл және үнемді пай кершілігін артты бір колхозы мен малға әзірлеп бер оларға қажетті к ді.



# БЕСЖЫЛДЫҚТЫҢ ЫЛЫСЫ

ан облыстық комитетінің  
ДУБАЕВПЕН әңгіме

технологиясын  
кіншілік туғы  
ниясы үстіміз-  
ргия, тау-кен,  
өнеркәсібінің,  
өнеркәсібінің жа-  
уды өрістетуге  
ектр станциясы  
Шығыс Қазақ-  
ан жергілікті  
ің қажеттерін  
дағы уақытта  
ты, тоңазыт-  
балық -консерв  
аводы салыпбақ,  
өстерін талық  
тыр. Облыстың  
лерінде темір  
мал жұмыста-  
аруга көшіруге

р қуаты облыс-  
і бесінші бес-  
аруга мүмкінші-

өлхоз және сов-  
детуге көмекте-  
шылық артель-  
станциялардан

іске қосылысы-  
еттеріне қосыл-  
ағы бес есе кө-  
нде электр қуа-  
дайдалану едәуір  
ал шаруашыны-  
ыйырды электр  
ектр қуатымен  
ка күшімен әзір-  
сстардың көме-  
ы қорамдық мал

тек совет халқының ғайа қолынан келе-  
тін іс.

Өскемен СЭС-і —бүкілхалықтық құры-  
лыс. Еліміз оны Урал жұмысшыларының,  
Ленинград оқымыстыларының, Мәскев  
пнженерлерінің творчестволық еңбегімен  
жасалған жоғары өнімді ең жаңа маши-  
налармен жеткілікті жабдықтады. Совет  
Одағының 400-дей заводы Ертістегі жа-  
на құрылысқа жабдықтар мен механизм-  
дер беріп тұрды. Бүкіл халықтың көмегі  
нәтижесінде құрылыстағы барлық ауыл  
жұмыстар толық механикаландырылды.  
Бұл туысқандық көмек лениндік—сталин-  
дік ұлт саясатының салтанат құрғанды-  
ғын, Совет Одағы халықтарының мыз-  
ғымас достығын тағы да демонстрациялады.

Тамаша совет адамдары жетілдірілген  
қуатты техниканы басқарады. Солтүстік  
Баснийден колхозшы Жұмабай Базылов,  
Кургумнан екінші Арғынғазы Әбдірешев,  
Ленинград металшісі Александр Башнянов,  
запорожьелік Александр Джуль, Алтайдың  
ағалы шеберлері Хлещевтің семьясы және  
басқа мыңдаған совет адамдары өздері  
қалап құрылысқа келді. Ертістегі жаңа  
құрылыс олар үшін шеберліктің шын  
мәніндегі мектебі болды. Мыңнан аса  
жас құрылысшылар мұнда табиғатты өз-  
герту және советтік елімізді электрленді-  
ру жөніндегі сталиндік жоспарды жүзеге  
асырудағы бұдан былайғы жұмыстарға  
қажетті жаңа мамандықтар алды.

Электр құрылысшыларының қазақ ұлт  
кадрларын тәрбиелеп шығару —Ертістегі  
құрылыстың тамаша нәтижелерінің бірі бо-  
лып табылады. Революцияға дейін қазақ ті-  
лінде электр деген сөз де жоқ еді. Кәзір  
электр қазақтың өмірлік қажеті, еңбектегі  
және тұрмыстағы тұрақты серігі болып

Облыс мектептерінде

## Физкультура және спорт жұмысын жақсарту береміз

Коммунистік партияның XIX съезінің  
бесінші бесжылдық жоспар туралы қарар-  
ларында физкультура және спорт жұмы-  
сын онан әрі өркендетуге зор көңіл бө-  
лінген.

Съезд қарарларын басшылыққа ала  
отырып, мектебімізде жастарға физкуль-  
тура тәрбиесін беру ісін жақсарту жөнінде  
бірқатар шараларды жүзеге асырдық. Оқу-  
шыларға сабақ үстінде ғана физкультура  
тәрбиесін беріп қоймай, оқудан бос уақыт-  
та да олардың спортпен шұғылдануына  
жағдай туғызу мақсатында физкультура  
үйірмесі ұйымдастырылып, шаңғы, конь-  
ки және шахмат секциялары құрылды.  
Сөйтіп, оларды басқарушы адамдар таға-  
йындалды. Кәзір олар өзінің жұмысын  
өрістете жүргізуде. Шахмат секциясын бас-  
қарушы оқытушы Асқаров жолдас жиі-  
жиі жаттығу жұмыстарын жүргізіп, шах-  
мат жарыстарын өткізіп тұрады.

Физкультура үйірмесі мүшелерінің ұй-  
ғаруы бойынша ұзындығы 200 метрлік  
алаңға каток жабдықталды. Комсомолец  
Баграмовтың басқаруымен коньки тебу  
спорты бойынша жоспарлы түрде жатты-  
ғулар өткізілуде. Жұырда пионер отряд-  
тарының өзара коньки жарысын өткіздік.  
Жарыстың қорытындысы пионерлердің  
коньки тебуге жақсы жаттыққандықта-  
рын көрсетті.

Сонымен қатар үйірменің 21 мүшесі  
гимнастикадан, секіруден, жүгіруден  
БГТО значегіне норма тапсырып, кәзір  
қысқы спорт бойынша норма тапсыруға  
әзірленіп жүр.

Физкультура және спорт үйірмесінің  
мүшелері 30 декабрьден бастап «Пионер-  
ская правда» газетінің бейгесін алу үшін  
өткізілетін шаңғы жарысына қатысу үшін  
қызу дайындалып жүр.

Біз мектептегі физкультура және спорт  
жұмысын онан әрі жақсартып, оған

## Халықтардың бейбітшілікті қорғау Конгресінде

ВЕНА, 16 декабрь. (СОТА-ның арнаулы  
тілшісінен). Испан делегаты Хосе Хираль-  
дың председателдік етуімен ашылған бү-  
гінгі таңертеңгі мәжілісте кәзіргі уақытта  
жүргізіліп жатқан соғысты тоқтату туралы  
мәселе талқыланды.

Қытай делегациясының басшысы, «Халықтар арасындағы бейбітшілікті нығайту үшін» Халықаралық Сталиндік сыйлығының лауреаты Го Мо-жо ұзақ кіріспе сөз сөйледі. Конгреске қатынасушылар Қытай Халық Республикасының тамаша оқымысты жазушысының, бейбітшілік жолындағы белгілі күрескердің трибунаға шығуын ұзақ қолшанапалақтап құттықтады.

Индия делегациясының басшысы, Бүкіл-индиялық бейбітшілік Советінің председателі доктор Китчлудың сөзін жұрт ду қолшанапалақтап қарсы алды, ол Конгрестің қарауына Кореядағы соғыс қыймылдарын дереу тоқтату жөнінде ұсыныс енгізді.

Корея өкілі Хан Сяр Я әсерлі сөз сөйледі. —Делегат достар,— деді Хан Сяр Я,—қанға боялған корей халқы атынан, ерлер мен әйелдер, қарттар мен балалар атынан мен сіздерді, дүние жүзінің барлық халықтарының өкілдерін, оның ішінде американдық халқының өкілдерін, өздерінің күштерін біріктірген халықтарды қаблегі жеткенше бар күштерін жұмсап, Біріккен Ұлттар Ұйымы жалауы астында Кореяда хаюандықпен қан төгілуін тоқтату үшін өз қолдарынан келген шаралардың бәрін қолдануға шақырамын.

Адам естіп білмеген құрбандықтарға ұшыраған біздің халқымыз, деді Хан Сяр Я, бүкіл дүние жүзіне өзінің ерлігін және бейбітшілікке деген еркін көрсетті. Біз ешкімнен рақым сұрамаймыз және сұра-

ВЕНА, 16 декабрь. (СОТА-ның арнаулы тілшісінен). Халықтардың бейбітшілік қорғау Конгресінің корей делегаты Хан Сяр Яның председателдік етуімен өткел бүгінгі кешкі мәжілісінде жапон делегаты Кентаро Канеко, Германияның социал-де-

галы да отырғанымыз жоқ. Бірақ, біз адамгершіліктің принциптері үшін, әйелдер мен балаларды ажалдан сақтап қалу үшін, бейбіт халықты хаюандықпен қырғынға ұшыратуды тоқтату үшін, өз еліміздің мүдделері үшін, мұнымен бірге, біздің елімізде тұтанып отырған мейірімсіз соғыс өрті хауіп төндіріп отырған барлық адамзаттың мүддесі үшін бейбітшілікті талап етеміз.

Бұдан кейін трибунаға Англия делегаты «Халықтар арасындағы бейбітшілікті нығайту үшін» Халықаралық Сталиндік сыйлығының лауреаты Моника Фелтон шықты. Ол ағылшын делегациясы атынан «басқа да шешілмеген мәселелер жөнінде келіссөздер жүргізудің алдыңғы шарт есебінде Кореядағы соғысты дереу тоқтату» талап еткен қарардың жобасын ұсынды.

АҚШ делегаты Джордж Хэйуорд көпшілік американдық халқының Кореядағы соғысты сөгетінін мәлімдеді. Американдық делегациясы, деді Джордж Хэйуорд сөзінің соңында, Кореядағы соғысты тез тоқтату керек деп есептейді.

Бұдан соң Кореядан қайтқан Канада солдаттары Ивон Дюшарн Кореяда болып, өзінің соғыс жөніндегі шындықты түсінгендігін және Канадаға қайтып келіп, бейбітшілік үшін белсенді күрескер болғандығын айтты.

Таңертеңгі мәжілісте бұлардан басқа Бүкілғалайлық еңбек конфедерациясының председателі Джузеппе Казаде және демократияшыл юристердің Халықаралық ассоциациясының председателі Джон Плеттс-Миллс сөз сөйледі.

Осымен таңертеңгі мәжіліс аяқталды.

легаты Эмиль Кавенель, Норвег пасторы Форбекк, Иран делегациясының басшысы Ахмед Шарнат-Заде, Израиль делегаты Бентов және Эквадор делегаты Энрике Адоум сөз сөйледі.

Конгресте ағылшынның қауымдар палатасының мүшесі С. О. Дэвистін Иранның



негізінде облыстың тау-кен және металлургия өнеркәсібі жаңадан бұрынғыдан да жоғары дәрежеге көтеріледі. Партияның XIX съезінің бесінші бесжылдық жоспар жөніндегі директивалары түсті металлургия өндіруді, әсіресе, технологиялық процестерді жақсарту есебінен өндіруді едәуір арттыруды көздейді. Су электр станциясының қуаты металл қорытудың

Өскемен СЭС-і құрылысы жөніндегі жұмыстар аяқталуға байланысты іс жүзіне асатын міндеттердің жалпы сипаты сеындай.

Өскемен СЭС-і сыяқты су торабын салу жоспарлы шаруашылығы, жоғары дәрежелі өркендеген өнеркәсібі, ғылымы мен техникасы бар жеңген социализм елінде

ды ұлы жоспарды жүзеге асыру жолында өздерінің күш-жігерлерін аямай жұмсауға бел байлап отыр.

Өскемен СЭС-інің бірінші кезегі іске қосылады. Коммунистік партияның, ұлы көсеміміз және ұстазымыз Сталин жолдастың басшылығымен совет халқы коммунистік болашақтың көрінісін бүгін-ақ ашқан тағы бір жеңіске ие болды.

Ж. СЕЙТБЕКОВ.

## Ұйым жұмысына көңіл бөлінсе екен

Қаладағы Калинин атындағы қазақ орта мектебінде өткен жылы армияға, авиацияға және флотқа көмектесетін ерікті қоғамның ұйымы құрылып, оған 20-ға жуық мүше тартылған еді. Содан бері ұйым үздіксіз жұмыс істеп, бірқатар табыстарға жетіп отыр. Ұйымның атқыштар командасы өткен жылы қалалық атқыштар жарысында екінші орынға ие болды. Көзір ұйым мүшелерінің қатарында 200-ге жуық адам бар.

Егер армияға, авиацияға, флотқа көмектесетін ерікті қоғамның қалалық комитеті, оның председатели Шкодин жолдас ерікті қоғам ұйымдарының жұмысына жете көңіл бөліп, көмектесіп отырса, мектептегі бұл ұйымның жұмысын өз дәрежесінде жүргізуге болар еді. Бірақ, Шкодин жолдас бұл мәселеге көңіл бөлмей келеді. Ерікті қоғамның қалалық комитетінің нұсқаушылары мектепке келіп, ұйым мүшелері арасында жүргізілетін жұмыстарға көмектеспейді. Шкодин жолдас оқу жылының басында мектепте мотоциклшілер үйірмесін ұйымдастырамыз деп сендірген еді, бірақ, бұл үйірме әлі күнге ұйымдастырылған жоқ.

Қалалық комсомол конференциясында армияға, авиацияға, флотқа көмектесетін ерікті қоғамның қалалық комитетінің қоғамның төменгі ұйымдарына басшылығы мен көмегіндегі кемшіліктер атап көрсетілген болатын. Бірақ, Шкодин жолдас бұл сыннан әлі күнге тиісті қорытынды шығармай отыр.

Мектеп оқушылары мотоциклшілер үйірмесінің ашылуын асыға күтуде.

Ә. СҮЛЕЙМЕНОВ,

Мектептегі оқушылар комитетінің председатели.

секретары Фархат риалистерінің зұл қарсы наразылық «Ас — Сарха» тағанда, бұл сыяқты

## Облыс

Газетне кәсіпоры совхозда жазылуға Газетті тұруын қам

«УДАРНИ

«ЖАС П.

Сеанс 4-те баст

Касса сағат 3-т

Қалалық өллік ұйымдар хоздардан жәрдан май, беру үшін қадакылдар қаф Адрес: Петкай көшесі 11

## Жергілікті өнеркәсіп орындарына басшылық жақсартылсын

Соңғы уақытта облысымыздың жергілікті өнеркәсібі партиямыздың XIX съезі алға қойған міндеттерді мүлтіксіз орындап шығу жолындағы күресті күннен-күнге кең өрістетіп түсуде. Мәселен, Октябрь ауданындағы өндіріс комбинатының коллективі жылдық жоспарды октябрь айында орындап шығып, содан бері 1953 жылдың есебіне өнім шығарып келеді. Приешім ауданының өндіріс комбинаты жылдық программаны 1 ноябрьда аяқтады, ал, Ленин, Петропавл және Подудень аудандарындағы өндіріс комбинаттары да тапсырманы орындауда, өнім шығарудың сапасын жақсартуда және айтарлықтай көрсеткіштерге ие болып отыр.

Жергілікті өнеркәсіп орындарында мінсіз сапалы өнім шығару бригадасы атағын алу үшін 10 бригада өзара социалистік жарысқа түскен болатын. Көзір оның үшеуіне мінсіз сапалы өнім шығарушылар бригадасы деген құрметті атақ берілді. Бұл бригадалардың іс үлгісі барлық кәсіпорындарында кеңінен таратылуда.

Үстіміздегі жылы жергілікті өнеркәсіп саласында құрылыс жұмысы кеңінен өрі алды. Мемлекетіміз бұл құрылысқа деп миллион сомға жуық қаржы босатты. Подудень, Приешім және Булаев аудандарындағы өндіріс комбинаттарының бірнеше цехтары жаңадан кеңейтіліп салынып отыр. Олар өнім шығарудың жаңа аспаптары мен жабдықталды.

Алайда, жергілікті өнеркәсіп жұмысында кемшіліктер де жоқ емес. Жергілікті өнеркәсіп жалпы өнім шығарудың он айлық жоспарын асыра орындаса да өнім шығарудың жеке түрлерінен жоспарды орындай алмайды. Кіріш соғып шығарудың жоспары небары 50-ақ процент орындалды. Булаев аудандық өндіріс комбинатында еңбек қарқыны өте-өте төмендеп кетті. Мұның себебі екі — комбинат қысқы жағдайда жұмыс істеуге мүлдем әзірліксіз кірісті. Оның үстіне бұл комбинатта машиналар мен механизмдерді пайдалану қанағаттанғысыз болып отыр. Осы комбинатта кіріш соғатын цех бар. Оның өндіріп отырған кірішінің сапасы нашар. Мұнда жұмысшылар үшін техникалық оқу ұйымдастырылмаған. Еңбек тәртібі тиісті дәрежеде емес. Социалистік жарысқа ешкім басшылық етпейді.

Совет ауданындағы өндіріс комбинатына қаржы және материал жөнінен көмек көрсетіліп келеді. Осыған қарамастан комбинат мемлекеттік жоспарды ай сайын орындамай, үлкен олқылыққа ұшырап отыр. Преснов ауданындағы өндіріс комбинатында да жағдай сеындай. Бұл комбинаттың басшылары кадрды іріктеп алу және оны орналастыру жұмысына көмқұрайды қарайды. Еңбек тәртібін бұзшыларға қарсы күрес жүргізбейді. Осы

ның барлығы өндірістік жұмысқа нұқсан келтіріп келеді.

Аудандарда өндіріс комбинаттарының жұмысына жергілікті партия және совет ұйымдары тарапынан жасалып отырған басшылық жеткіліксіз. Аудандық Советтердің атқару комитеттері өндіріс комбинаттарының жұмысына бақылау жасамайды. Олардың жұмысы туралы өздерінің мәжілістерінде мәселе қарамайды. Аудандық атқару комитеттері председателдерінің өнеркәсіп жөніндегі орынбасарлары жергілікті өнеркәсіп жұмысына жеткілікті назар аудармай отырғандығы көптен бері сөз болып жүр. Алайда, олар әлі сөзден нақтылы іске көшкен жоқ. Тіпті олар жергілікті өнеркәсіптің кәсіпорындарына барып та тұрмайды. Соның салдарынан онда не болып жатқанын да білмейді. Бұл сыяқты кемшіліктерді дереу жойып, жергілікті өнеркәсіптің жұмысын партиямыз бен үкметіміз талап етіп отырғандай жақсарту қажет. Сондықтан жергілікті партия және совет ұйымдары кәсіпорындарына нақтылы басшылық жасап, кәсіпорындарының алда тұрған міндеттер дәрежесінде жұмыс істеуін қамтамасыз етулері керек.

И. ПРОНИН,

Облыстық жергілікті өнеркәсіптің бас инженері.

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, партия және ауылшаруашылық бөлімдері — 2-36, өнеркәсіп- транспорт және тілшілер бөлімдері—1-33-2, корректорлар бюросы— 4-39, Газет баспасы — 0-22, газет таба